ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 13 қараша іс №7119-25-00-2/9959 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К. Жетібаев,
сот отырысының хатшысы Д.Баккараеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
СК «7 Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Л.З. Имашева
жауапкердің өкілі Е.И. Туленбаев

СИПАТТАУ БӨЛІМІ:

2024 жылғы 20 желтоқсанында «Астана қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен СК «7 Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мердігер) арасында № 24/55 құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт жасалған, онда жауапкер «Тұрғын жайлық ғимараттарды/құрылғыларды тұрғызу жұмыстарын» орындау туралы міндеттеме алған, онда жауапкер Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Ш. Қосшығұлұлы көшесі, №17/2 ғимарат №80 мектеп-гимназиясына қосымша құрылыс салуға міндеттенген.

Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі 2025 жылғы 30 маусымға дейін, шарттың қолданылу мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Шарттың құны – 2 466 253 804 теңгені құрайды.

2025 жылғы 24 сәуірдегі №3 қосымша келісіммен міндеттемелерді орындау мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

Шарттың 4.1-тармағының 29-тармақшасына сай, мердігер шартқа қол қоюмен бір мезгілде тапсырыс берушіге объектіні салу жөніндегі жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімдері баяндалатын жұмыстарды жүргізу кестесін ұсыну қажет.

Алайда, жауапкер жұмыс кестесін шартпен белгіленген уақытта ұсынбады.

Тараптар арасындағы шарт 2025 жылғы 09 маусымда біржақты бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды талап етті.

Жауапкер сотқа қарсы пікір жолдады. Онда талап қою арызымен үзілді кесілді келіспейтінін ескерген. Шарттың 1-1) бюджет қаражаты жеткілікті болған жағдайда мердігерден жұмыстарды мерзімінен бұрын орындау және оларды тапсыруға дайын екендігі туралы хабарлама алған жағдайда, шарт талаптарына сәйкес жұмыстарды орындау аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ішінде орындалған жұмыстар үшін мерзімінен бұрын ақы алуға және түпкілікті төлем жасауға міндеттенеді.

Осы жағдайларға қарамастан жауапкер өз бетінше, өз қаражаты есебінен объектіде дайындық жұмыстарын бастады, қажетті жұмыстарды жүргізу үшін мамандандырылған ұйымдарды тартты, жұмыстың аяқталған туралы анықтамаларды талапкерге қабылдау үшін бланктерді ұсынды. Алайда, талапкер оларды қабылдамады және оларға қол қоймады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты толық қолдап, сотқа арызда көрсетілген уәждерге ұқсас түсінік берді. Талап қоюшы шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды талап етті.

Жауапкер сот отырысында талап қою арызын мойындамай, келесін көрсетті, осы шарт бойынша жұмыстар ішінара орындалған, алайда жұмыстарды орындау үшін тапсырыс беруші тиісті құжаттарды дер кезінде бермеді. Қанағаттандырудан бас тартуын сұрайды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, өздеріме жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 2025

119-25-3-6/685

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарт талаптарын сай өнім берушілер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотта анықталғандай, бұрынырақ жауапкер сотқа біржақты бұзылған шартты заңсыз деп тану туралы талап қою арызымен сотқа жүгінді. 2025 жылғы 15 қыркүйекте мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен аталған біржақты бұзылған шарт заңсыз деп танылған. Алайда 2025 жылғы 30 қазанда Астана қаласы азаматтық істер жөніндегі сот алқасы қауысымен аталған шешім бұзылып, талап қою арызы толық қанағаттандырудан бас тартылған.

Онымен қоса сотта талап қоюшы келесіні ескерді, аталған шарт бұзылған соң бүгінгі күні басқа мердігермен шарт жасалғандығын, оған жасалған жұмыстар үшін ақы төленгендігін көрсетті.

Ескеретін жайт, тараптар арасында шарт негізінде орындалған актінің жоқтығы анықталды, сонда тараптармен қандай да бір жұмыстың орындалғандығын растайтын актіге қол қойылмаған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкердің кінәлі әрекетінің салдарынан тапсырыс берушіге теріс салдар келтірген, атап айтқанда құрылыс жұмыстар орындалмаған, соның салдарынан тапсырыс беруші басқа мердігерге жүгінуге мәжбүр болған.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкерлерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер СК «7 Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне

мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер СК «7 Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп танылсын.

Жауапкер СК «7 Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Көшірмесі дұрыс

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 2025 жылы 15 желтоқсан енді

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Прошнуровано и пронумеровано
На листах.
Судья Жетібаев Ж.К.

119-25-3-6/685